

---

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО МЕНЕДЖМЕНТА И МАРКЕТИНГА

### ACTUAL PROBLEMS OF MODERN MANAGEMENT AND MARKETING

ӘОЖ 338.43(1–856)

Г.Ғ. Шінет<sup>1</sup>, Р.К. Андарова<sup>2</sup>, Г.А. Жадигерова<sup>1</sup>, Ш.А. Наркулова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан;

<sup>2</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

<sup>3</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан  
(E-mail: gulshat\_zhadigerova@mail.ru)

#### **Жұртшылық шаруашылығының ұжымдық кәсіпорындармен өзара қарым-қатынастарын дамытудың жолдары**

Мақалада Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығындағы жұртшылық шаруашылығының әрекет етуін және оның бүгінгі таңдағы ауыл шаруашылық өнімдерді өндірудегі үлес салмағы қарастырылған. Мақалада кооператив ауыл шаруашылық қызметтің адами және материалдық факторлардың біріктірілетін және кооперацияланатын ерекше экономикалық бірлігі ретінде сипатталған. Шетелдердегі кооперативтердің даму деңгейлері мен ерекшеліктері көрсетілген. Сондай-ақ, жұртшылық шаруашылықтарының қарқынды дамуы үшін шаруашылық жүргізуші басқа ірі шаруашылықтармен өзара біріге отырып, әрекет ететін ынтымақтастығы ретінде кеңінен қарастырылған. Қазіргі кездегі жұртшылық шаруашылығы ауыл шаруашылық өндірісінің тең құқылы нысаны ретінде дамуына, оның дербес шаруа қожалығына трансформациялануына құқықтық және экономикалық алғышарттардың орнағандығы жайлы айта отырып, жеке-жеке тоқталған. Жұртшылық шаруашылығы мен ауыл шаруашылық кәсіпорындар арасындағы кооперацияның екіжақты пайдалы іс-әрекетінің маңыздылығы мен қажеттігін негіздеген. Жұртшылық шаруашылығы мен ауыл шаруашылық кәсіпорындардың өзара қызығушылықтарын көрнекі түрде сызбанұсқа ретінде көрсеткен. Бірқатар мәселелер қарастырылған: жұртшылық шаруашылығы мен ауыл шаруашылық кәсіпорындар арасында интеграциялық байланыстардың орнықтауы; жұртшылық шаруашылықтарының құқықтық және әлеуметтік мәртебесінің төмен деңгейі; материалдық-техникалық жабдықтардың, тыңайтқыштардың, мол өнімді мал мен ауыл шаруашылығы дақылдары сұрыптарының болмауы; мал санын көбейту және ет өнеркәсібіне арналған соғымдарды арттыруға байланысты жем-шөптің жетіспеушілігі.

*Кілт сөздер:* жұртшылық шаруашылығы, кооператив, интеграция, аграрлық сала, ауыл шаруашылық кәсіпорындар, шаруа (ферма) қожалықтары, өнім, тыңайтқыш, техникалық жабдық, ұжымдық шаруашылық.

#### *Мәселенің өзектілігі*

Қазіргі кездегі аграрлық саланың басқарушылық әлеуетін қалпына келтіру және нығайту жағдайында ауыл шаруашылығының барлық салаларының қалыпты әрі тиімді дамуына қажетті жағдайларды құру тек қана өндірістің ішкі резервтерін мақсатты пайдаланудың негізінде ғана мүмкін. Сол себепті ауылдағы қиын жағдайдан шығудың жолдарын меншік нысандары әртүрлі кәсіпорындардың (ұжымдық, шаруа (фермерлік) қожалықтары, жұртшылық шаруашылықтары) қуаттарын біріктіру арқылы, яғни кооперативтер жүйесі арқылы қарастырған жөн.

Әлемде ауыл шаруашылық кооперацияның пайда болуынан бері ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің өзара көмек беруін қамтамасыз ете алатын, жеке шаруашылықтың техникалық және экономикалық артықшылығы және нарықта төлемқабілеттілігі бар ірі өндіріспен үйлестіре алатын, тиімді ұйымдық нысан қалыптаспаған. Шаруашылық жүргізудің кооперативтік нысаны көптеген елдердің шаруашылық өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Белгілі мәліметтер бойынша, әлемде 120 түрлі, 700 млн. адамды біріктіруші жалпы 1 млн.-нан астам кооперативтік ұйымдар әрекет етуде. Және солардың ішінде ауыл шаруашылық кооперациялар кең тараған [1].

#### *Соңғы зерттеулер мен мақалалардың талдауы*

Шетелдерде фермерлерге жеке дара шаруашылық жүргіздірмейді, кооперативтік шаруашылық жүргізу нысаны шаруашылық өмірдің белгілі бөлігін құрайды. Фермерлердің көпшілігі бір, екі, үш не одан да көп кооперативтердің (жабдықтау, өткізу, несиелік және тағы басқа) мүшелері болып табылады. Батыс елдерінің фермерлері екі жақты қорғанысқа ие болады, яғни мемлекеттік және кооперативтік. Реформалар кезінде елеулі шығындарды бастан кешірген және мемлекеттік қолдаулардан айырылған шаруалардың бүгінгі таңда шетелдік фермерлердің отандық нарықта ұсынып отырған өнімдерімен бәсекелесе отырып жеке дара, яғни ешқандай қолдаусыз күресулеріне тура келуде. Ірі кооперацияның беретінін сақтап қалу үшін жаңа шаруашылық жағдайларды ескере отырып, әрекет ететін кооперацияның қажеттігі туындауда. Академиктер Т.Мальцев, И.Моисеев және басқа да ғалымдардың айтуынша, кооперативтік шаруашылық жүргізуден толығымен бас тартатын болсақ, қарқынды өнім өндіретін егіншіліксіз өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын еліміз үшін бұл қатерлі жағдай болары анық. Еліміз үшін кооператив барлық кезде артықшылығы мол серіктестік ынтымақтастық, өзара көмек беру және тепе-теңдікке негізделетін азаматтардың еркін түрдегі еңбек бірлестігінің дәстүрлі түрі болып табылады.

Кооператив ауыл шаруашылық қызметтің адами және материалдық факторлардың біріктірілетін және кооперацияланатын ерекше экономикалық бірлігі болып табылады. Шаруалардың кооперациялануы арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі тек қана ғалымдардың зерттеулерінің негізінде емес, сондай-ақ тарихи, табиғи, әлеуметтік және экономикалық жағдайларға сәйкес ауылдық аймақта тұратын ауыл халқының бірлесе отырып, еңбек етуге дайындығымен де дәлелденуде. Е.Г. Лысенконың айтуы бойынша, шаруалардың 70–80 пайызы әртүрлі себептерге байланысты бірлесе отырып, жұмыс істегілері келеді екен [2]. Қоғамдық шаруашылықтың қолдаусыз жұртшылық шаруашылығының жеке дара күресе отырып, әрекет етуі қиын жағдай болып табылады. Қоғамдық сала өндірісінің кемігендігінен оның орнын импортталатын төмен сапалы өнімнің шетелден толықтырылуы даусыз болып табылады. Сондықтан бүгінгі таңда ұжымдық шаруашылықтың және оның жұртшылық шаруашылықпен кооперациялануының дамуы өте маңызды және өзекті мәселе болып отыр.

#### *Зерттеудің негізгі нәтижелері*

Қазіргі кезде жұртшылық шаруашылығы ауыл шаруашылық өндірісінің тең құқылы нысаны ретінде дамуына, оның дербес шаруа қожалығына трансформациялануына құқықтық және экономикалық алғышарттар қалыптасқан:

– біріншіден, ауыл шаруашылық өндірісінің барлық нысандарының тең құқылығы заңмен бекітілген (жұртшылық шаруашылығы аграрлық салада шаруашылық жүргізудің тең құқылы нысаны ретінде мойындалған, «Шаруа қожалықтары туралы» заңға сәйкес; Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес, барлық еңбек ұжымдары мен жеке тұлғаларға олардың қалауларына, мүмкіндіктеріне және қажеттіліктеріне байланысты шаруашылық жүргізудің нысандарын таңдау құқығы ұсынылған);


– екіншіден, жұртшылық шаруашылығындағы ұсталынатын мал санына барлық шектеулер алынып тасталған;

– үшіншіден, әрекет етуші заңға сәйкес үй іргесіндегі телім болып табылады.

Келісімшарттық негіздегі бастаумен жұртшылық шаруашылықтарының ауыл шаруашылық кәсіпорындармен кооперативтік байланыстарын қалпына келтіру бір жағынан, жұртшылық шаруашылығының өнім өндірісіне және өткізуіне қолайлы жағдай қалыптастырушы қоғамдық өндірістің де, жұртшылық шаруашылығының да тиімді дамуына, екінші жағынан, ауыл шаруашылық кәсіпорындардың жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға септігін тигізеді.

Нарықтың экономикалық тиімді қолжетімді шегінен тыс болса, ауыл тұрғындарының жеке шаруашылықтарының да, тіпті, қоғамдық шаруашылықтардың өнімдері жалпылай болмаса да, айтарлықтай шамада сұранысқа ие болмайды және өткізудің тиімді бағасымен қамтамасыз етілмейді. Бұл жағдайда тек делдалдар ғана ұтады, олар халықтың өнімін қолма-қол ақшаға сатып алып, өздеріне тиімді бағамен қайта сатады. Өңдеуші кәсіпорындар жұмыссыз бос тұрады немесе толық қуатта жұмыс істемейді. Жұртшылық шаруашылықтар да, ауыл шаруашылық кәсіпорындар да қолайсыз жағдайда болады. Ауыл тұрғындары өз өнімдерін делдалдарға өткіздіре отырып, қоғамдық шаруашылық тарапынан шаруашылығын жүргізуге қолдау көрсетеді деп есептей алмайды. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарда жем-шөп, малдың жас төлі қолды боп жатады, өнімдер табысы мен салығы арқылы өндірістен тыс кетеді. Өңдеуші кәсіпорындардың да, ауыл шаруашылық кәсіпорындардың да, жұртшылық кәсіпорындарының да әрекет етуі қиындай түседі.

Сондықтан да жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында және тауарлық өнімнің өндірілуін арттыру үшін жұртшылық шаруашылықтарының өзара, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалықтары және ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен бірігу қажеттілігі туындайды. Мұндай бірігуді 1-суреттен көруге болады.



Ескерту. Зерттеу барысындағы автормен дайындалған.

1-сурет. Жұртшылық шаруашылығының басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірігуінің сызбасы

Жұртшылық шаруашылықтарының өзара бірігуінің негізгі мақсаты ауыл шаруашылық өнімін өткізуде өзара ықпал ету, яғни ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізуден өзара пайда табу, өнім өткізуді, несие алуды, ауыл шаруашылық техникасын бірлесе отырып қолдануды қамтамасыз ету болып табылады. Мұнда экономикалық қарым-қатынастар сенімділік сипатында, яғни ешқандай келісімшарт жасаспай әрекет ететін болады.

Халықтың жұртшылық шаруашылықтарының әртүрлі кооперативтерін талдау бойынша жергілікті орналасу орны мен өндірістік қатынастардың ұзақ мерзімдегі тұрақтылығына байланысты жеке шаруашылықтардың өндіріс саласында да, айналым саласында да сәйкесінше кооперативтің болуы мүмкін және қажет болып табылады. Мұнда халықтың өз шаруашылығын, яғни жұртшылық шаруашылығын тиімдірек жүргізуіне дайындығы маңызды. Бұл кооперацияланудың әртүрлі нысандарын жан-жақты зерттеуді қажет етеді және елдің нақты аймақтарына зерттелген кооперативтердің тиімдірегін ұсынуды мақсат етеді.

Кооперация ретінде негізгі мақсаты кооперация үрдісінен тең бағалы тиімділікке жету болып табылатын тең құқылы және тең қызығушылықты серіктестердің ынтымақтастығын ұғынған жөн.

Жұртшылық шаруашылығының ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен, шаруа (фермер) қожалықтарымен кооперациялануы тиімді болып табылады. Ал ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен бірігуі ауыл шаруашылығымен айналысуға максималды мүмкіндік береді. Олар жеке секторды материалды-техникалық, қаржылық және жер ресурстарымен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ жұртшылық шаруашылықтары мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарының кеңістіктік

қоры бірдей болып келеді. Сондықтан кооперациялауда олар жеке шаруашылықтың негізгі серіктестері болып табылады.

Ресей ғалымдары В.А. Богдановский, К.В. Копачтың пікірі бойынша, кооперациялық және интеграциялық байланыстар жеке қосалқы шаруашылықтарындағы өнім алудың еңбек сыйымдылығын төмендетуге, барлық ауыл шаруашылық өндірісі мен халықтың өмір сүру тиімділігін арттыруға бағытталуы тиіс, бірақ нормаланған еңбек күші, демалыс күндер, жылына бір рет алынатын демалыс, зейнетақы сияқты әлеуметтік қол жеткізулерді жою есебінен болмауы тиіс [3, 4].

Ауыл шаруашылық кәсіпорындардың және жұртшылық шаруашылықтарының ынтымақтастығының механизмі екі жаққа да өзара қызығушылық пен өзара тиімділікке негізделеді, яғни келісімшарт негізіндегі қызметтер механизмі жұртшылық шаруашылығының және ауыл шаруашылық кәсіпорынның қызығушылықтарын үйлестіру арқылы құрылады. Жұртшылық шаруашылықтардың иелерінің қоғамдық шаруашылықтармен қатынасы, ең алдымен, жұртшылық шаруашылығы қосалқы, яғни қоғамдық өндірісті толықтырушы, ауыл шаруашылық кәсіпорнына кері емес, оған толықтырушы ретінде құралады.

Тауар өндірушілердің өздеріне негізделген кооперативтік бірлестік жұртшылық шаруашылығына қызмет етуші ұйымдардың ең орынды түрі болып табылады. Осыған орай, бір ауыл әкімшілігі территориясында орналасқан өндіруші-қызмет ұсынушы кооперативтерді ұйымдастыру әдістемесі құрылған. Бірлестіктің ұйымдастырылуына ауыл шаруашылық кәсіпорындар және шағын тауар өндірушілер, яғни жұртшылық шаруашылықтар қатысады. Ақша қаражаттарының қайнар көзі қатысушы шаруашылықтардың үлестік салымдары, несиелер, ұжымдық шаруашылықтардың материалдық қаражаттары, жергілікті бюджеттен аударымдар болады.

Кооперативтік бірлестіктің ұйымдастырылуы мен әрекет етуіне қажетті құжаттар жиынын әзірлеу қажет. Оған бірлестік жарғысы, құрылтайшылық келісімшарт, кооператив қызметтеріне бағалар тізімі.

Біріктіру үшін ең алдымен келесідей міндеттемелердің орындалуы қамтамасыз етілуі тиіс:

– жеке шаруашылықтарды жем-шөппен қамтамасыз ету, сақтау орындарына әзірлеу және жеткізіп беру қызметтерін көрсету;

– жеке шаруашылықтардың өнімдерін сатып алуды ұйымдастыру бойынша көмек көрсету;

– үй іргесіндегі телімде өңдеу бойынша, картоп отырғызуда, оларды жинауда, тасымалдауда, сондай-ақ жанармай және басқа да жүктерді жеткізуге көлікпен қамтамасыз етуге механикаландырылған жұмыстар жүргізу;

– қоғамдық объектілерге қызмет көрсетуге байланысты, тұрғындардың талаптары бойынша жөндеу-құрылыс жұмыстарымен байланысты бірқатар қызметтер жүргізу.

Мұндай жобаны жүзеге асыру жеке шаруашылықтың келешек даму мүмкіншіліктерін ашады, осы нысанның мүмкіндіктерін толық қолдануға мүмкіншілік береді, тұрғындарға ұсынылатын қызмет көрсетулердің жалпы көлемі көбейеді, аграрлық саладағы еңбек өнімділігі артады, сондай-ақ жұмыс күшінің және механикаландырылған құралдардың қоғамдық өндірістен тартылуы азаяды.

Ұжымдық кәсіпорындардағы мал шаруашылығы өнім өндірісінің азаюын жеке меншік секторы толықтыра алу үшін оның тауарлығының өсімін қамтамасыз ету үшін бірінші кезекте, тиімді жыл бойғы жем-шөппен қамтамасыз етуді құру қажет. Мал шаруашылығының негізгі жем-шөптік базасы өсімдік шаруашылығы болып табылады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорынның материалдық ресурстарын ауыл шаруашылық кәсіпорынның өзі де, жұртшылық шаруашылығы да қолдана алатын болады. Егерде жұртшылық шаруашылықтарының жем-шөппен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ бейресми қамтамасыз етілуі де ауыл шаруашылық кәсіпорынның малына жұмсалыуына мақсатталған жем-шөбі есебінен болатын болса, онда малдың өнімділігі төмендейді, малдың қырылуы орын алады, нәтижесінде кәсіпорынның жұмысшылары болып табылатын жұртшылық шаруашылық иелерінің жалақысы да төмендейді. Алайда жұртшылық шаруашылығының малына ауыл шаруашылық кәсіпорын тарапынан жем-шөппен қамтамасыз етуге жәрдем берілмесе, жұртшылық шаруашылық иелерінің жем-шөп әзірлеуіне тура келеді, ал бұл, өз кезегінде, жұртшылық шаруашылығында еңбек ету шығынын ұлғайтып, ауыл шаруашылық кәсіпорынындағы еңбек ресурстарының азаюына алып келеді.

Жұртшылық шаруашылығы да, ауыл шаруашылық кәсіпорыны да ауыл шаруашылық өнім өндіреді, сол себепті ауыл шаруашылық кәсіпорындар артық өнімді өткізуде көмек көрсете алады, яғни халықтан ауыл шаруашылық кәсіпорын өндірмейтін өнімді сатып алып, ал жұртшылық

шаруашылығы өндімейтін өнімімен қамтамасыз етуіне болады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының сондай-ақ, өңдеуші кәсіпорындарымен, асханалармен, мектептермен, балабақшалармен ынтымақтаса отырып, әрекет етуіне мүмкіншілігі туындауда, ал ол, өз кезегінде, кәсіпорынның беделін және қосымша табыс табу мүмкіншілігін арттырады.

Осылайша, кооперативтік байланыстар орнату ауыл шаруашылық кәсіпорынның да, жұртшылық шаруашылығының да өнімдерін айтарлықтай шамада арттыруына мүмкіндік береді. Кооперация тек қана жеке тұлғаларды ғана емес, сондай-ақ заңды тұлғалардың, экономиканың әртүрлі салаларында кәсіпорындардың өзара қызметтің әрқилы түрлерін жүзеге асырушы шаруашылық аралық негізде бірігуін ұсынады.

Жұртшылық шаруашылықтардың байланыс түрлері мен олардың бірігуінде, олардың әрекет етуінің экономикалық негіздерін анықтаушы барлық факторларды ескерген жөн. Мәселен, жұртшылық шаруашылықтың өнімдері мен қызмет көрсетуші кәсіпорынның оған көрсеткен қызметтерінің бағалары, өнімді өндіру шығындары және транспорттық шығыстар.

Ауыл шаруашылық кооперациялардың тиімділігі ауыл шаруашылық өндірістің қарқындылығына әсер етуші факторлардың әсеріне байланысты. Кооперация бірқатар қағидалар негізінде дамуы тиіс. Олардың ең маңыздылары мыналар: кооператив мүшелігіне енуге еріктілік және одан шығу еркі, табыстың, сондай-ақ кооператив мүшелері арасында шығындар мен шығыстардың әділ бөлінуі.

Жеке сектордың интегралданған экономикасын құру бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін мал шаруашылығын жүргізетін жұртшылық шаруашылығы иелерінің мүмкіндіктері мен қажеттіліктері туралы мәліметтер қажет болады. Осы мақсатта айтылған шаруашылықтарды куәліктендіру жүргізу қажет. Әрқайсысы бойынша, сондай-ақ елді мекендерде, ауылдық әкімшіліктерде және аудандарда жұртшылық шаруашылықтардың иелері мен ортақ иеленушілердің жастық және мамандану бойынша құрамдарын, жұртшылық шаруашылықтардың бар-жоқтығын, мал мен құсты, техника, жарамды жердің ауданын; жем-шөпке, жас төлге және құсқа, зооветеринарлық қызметтерге қажеттілігін; тауарлы өнімнің мүмкін көлемін анықтау қажет (кесте 1).

1 - кесте

**Ірі қара малдың төлін бордақылаудағы жем-шөптің шығыны**

Жасы, ай	Орташа тәуліктік өсім, г.	Жем-шөптер						Тірідей салмақта, кг.
		сүт		жем-шөп қоспасы	силос	шөп	сабан	
		қаймағы алынбаған сүт	қаймағы алынған сүт					
0-1	750	160	15	-	-	2	-	37-60
1-2	800	40	210	-	-	5	-	60-80
2-3	850	-	180	18	30	15	-	85-100
3-4	900	-	130	18	95	26	15	110-135
4-5	850	-	65	39	105	40	20	135-160
5-6	800	-	-	50	145	70	40	160-185
6-9	700	-	-	54	180	120	50	185-250
9-12	700	-	-	69	180	150	100	250-310
12-15	750	-	-	75	205	150	100	310-375
15-18	800	-	-	83	230	150	100	375-450
Жалпы	-	200	600	401	1170	728	425	-

*Ескерту.* Зерттеу барысында автормен құрылған.

Қызмет көрсетулердің түрлері берілген территориядағы ұжымдық кәсіпорындардағы шаралардың нақты жағдайына байланысты. Мұнда негізгі үш нұсқа бар:

Бірінші нұсқа. Ұжымдық шаруашылық айтарлықтай сәтті қызмет етіп жатса, жұртшылық шаруашылықтарға ішкі шаруашылық бөлімшелер арқылы қызмет көрсетулер оңтайлы болып табылады.

Ұжымдық кәсіпорын жұртшылық шаруашылықтар үшін келесідей іс-шараларды жасай алады: малдың жас төлін өсіру, жем-шөп әзірлеу, сондай-ақ бақшаларды өңдеу, өнімді сату, зооветеринарлық қызметтерді ұсыну.

Қызмет көрсетулерге келісімшарттар жақтардың міндеттемелерін және оларды жүзеге асыруға жауапкершілікті анықтауы тиіс. Міндеттемелерді орындауға жауапкершілікті бекітуде міндеттемені бұзу жағдайында санкция ол міндеттемені орындаудан босатпайтынын ескерген жөн. Келісімшартта жеке жауапкершілікке ие нақты тұлғалар көрсетілуі тиіс. Кәсіпорын алдындағы тұрғындарға қызмет көрсету бойынша ұжымдық жауапкершілік бөлімшелері оның шаруашылық есеп кірісінен залал үшін өтемақы арқылы ішкі шаруашылық қатынастар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Ішкі шаруашылық бөлімшелер тек қана ауыл шаруашылық кәсіпорында ғана емес, сондай-ақ жеке сектордағы малға ветеринарлық қызмет көрсету бойынша тұқымдық кәсіпорында да, яғни сиырларды жасанды ұрықтандыруда да болуы мүмкін.

Екінші нұсқа. Ұжымдық кәсіпорын төлемқабілетсіздердің қатарына кіретін болса және мал басын айтарлықтай қысқартқан немесе толығымен жойған болса, басқа сызба бойынша қолданған орынды. Онда қоғамдық шаруашылық тек қана жұртшылық шаруашылықтың егін шаруашылығымен және малдың жас төлін өсірумен, жұртшылық шаруашылықтың өнімін өткізумен айналысады. Бұл жағдайда барлық қатынастар келісімшарт негізінде құрылады.

Үшінші нұсқа. Ұжымдық шаруашылық жойылу қарсаңында болғанда, оның жұртшылық шаруашылықпен қарым-қатынастары жайлы емес, керісінше иеліктегі жер үлестері және меншіктік пайлардың қалдықтары есебінен жұртшылық шаруашылықтар кооперативтерінің бірнешеуінің негізінде құрылғандығы туралы сөз қозғалады.

Осындай жұртшылық шаруашылықтармен ұжымдық сектордағы кәсіпорындармен қарым-қатынастары келесідей реттілікпен қарастырылады. Жұртшылық шаруашылықтардың кооперациялануы олардың ұжымдық ауыл шаруашылық кәсіпорындармен де, өңдеуші кәсіпорындармен де жоғарғы деңгейдегі қарым-қатынастарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұнда қарым-қатынастар жүйесінің келесідей үш бағыты болады:

– кәсіпорын немесе интеграцияланған құрылым жұртшылық шаруашылықтың кооперативіне пай енгізеді және оның бір мүшесі болады;

– кооперативтер интегралданған аудан құрылымы құрылтайшыларына кіреді (агрофирмалар, аудандық кооперативтер және т.б.);

– кооперативтердің кәсіпорындармен немесе агрофирмалармен қарым-қатынастары тек қана келісімшарт негізінде ұйымдастырылады.

Жұртшылық шаруашылықтардың кооперативтерінің аудандық агроөндірістік құрылымдарға енуі жабық циклды: халықтан өнімдерді сатып алу — оны өңдеу — өткізуді қамтамасыз етеді.

Мұнда әрбір ауылдық әкімшілік территориясында құрылған жеке қосалқы шаруашылықтардың кооперативтер жүйесі халықтағы өндірілген өнімнің артығын сатып алу бойынша жеке меншік аудандық агрофирма құра алады. Ол сондай-ақ, тұрғындарды қажетті өндіріс құралдарымен және жетпейтін жем-шөппен толықтыруға ұйымдастырылған қамтамасыз етуді орнатуға мүмкіндік береді. Жүйе өндірілген өнімді өткізумен, халыққа тыңайтқыш, улы химикаттар, өнеркәсіптік өнім жеткізумен айналысатын аудандық кооперативтермен жалғасын табады.

Осылайша, жұртшылықтың шаруашылықтарын дамытуға олардың іс-әрекетін мемлекеттік реттеудің объективті негіздерімен байланысты құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туғызу қажет. Реттеу әдістерінің өзара үйлесуі жолымен жұртшылық шаруашылықтарды дамытудың қалыпты механизмін құру қажет.

Құқықтық және әлеуметтік-экономикалық шарттарды құрудың негізгі бағыттары келесідей:

– жұртшылықтың шаруашылықтарының дамуын қамтамасыз етуші нормативті-құқықтық базаны құру,

– өнімдерді өткізу және өңдеу, шаруашылықтарды жабдықтау салалары бойынша кооперацияларды мемлекеттік қолдау;

– жұртшылық шаруашылықтарының іс-әрекетіне жергілікті билік ұйымдарының, ауыл шаруашылық кәсіпорындардың қатынасы.

Жұртшылық шаруашылықтарының кооперативтік кәсіпорынмен (ұжымдық шаруашылықтар) байланыс механизмін жүзеге асыруын ірі қара малдың төлін бордақылау негізінде қарастырдық. Мұнда келісімшарттың мынадай негізгі шарттары белгіленді: бордақылау мерзімі — 1,5 жыл, бір бас малдың сойыс салмағы — 250 кг, өткізу бағасы — 1300 тг еттің әр кг. -на, жұмыс уақыты шығының нормасы — бір жылда бір бас малға 243 сағ., еңбек ақысын төлегенде жұмыс уақытының бір сағ. — 50 тг.

Есептеулер екі нұсқа бойынша жүргізілді: біріншісінде кооперативтік кәсіпорын жұртшылық шаруашылығына малдың төлін және жем-шөпті нарықтық бағамен беру арқылы жүзеге асырады (2-кесте).

2 - кесте

**Бірінші нұсқа бойынша жұртшылық шаруашылығымен  
келісімшарттың экономикалық шарттарының есебі**

Көрсеткіштер	Жұртшылық шаруашылығы	Кооперативтік кәсіпорын	Жалпы
Бұзаудың нарықтық құны, тг.	-	25000	25000
Жем-шөпке шығындар, тг.	-	52600	52600
Сүтке жұмсалатын шығындар, тг.	44000	-	44000
Ірі қара малды бағудың еңбекақысы, тг.	23900	-	23900
Қатысушылардың жалпы шығындары, тг.	67900	77600	145500
Шығындарды үлестіру, %	46,7	53,3	100
Өнімдердің шығындарға сәйкес үлестірілуі, кг.	116,8	133,2	250
Өнімді өткізуден түсетін пайдасы, тг.	105120	119880	225000
Өткізуден түскен табыс, тг.	37220	42280	79500
Рентабельділік деңгейі, %	54,8	54,5	54,6

*Ескерту.* Автормен құрылған.

Ал келесіде өндірілген өнімнің шығындар сомасына пропорционалды түрде үлестіріледі (3-кесте).

3 - кесте

**Екінші нұсқа бойынша жұртшылық шаруашылығымен келісім-  
шарттың экономикалық шарттарының есебі**

Көрсеткіштер	Жұртшылық шаруашылығы	Кооперативтік кәсіпорын	Жалпы
Бұзаудың нарықтық құны, тг.	-	20000	20000
Жем-шөпке шығындар, тг.	-	42070	42070
Сүтке жұмсалатын шығындар, тг.	44000	-	44000
Ірі қара малды бағудың еңбекақысы, тг.	23900	-	23900
Қатысушылардың жалпы шығындары, тг.	67900	62070	129970
Шығындарды үлестіру, %	52,2	47,8	100
Өнімдердің шығындарға сәйкес үлестірілуі, кг.	130,5	119,5	250
Өнімді өткізуден түсетін пайдасы, тг.	117450	107550	225000
Өткізуден түскен табыс, тг.	49550	45480	95030
Рентабельділік деңгейі, %	73	73	73

*Ескерту.* Автормен құрылған.

Жоғарыдағы жұртшылық шаруашылығына малдың төлін берудің ұсынылған нұсқаларын қарастыра отырып, ауыл шаруашылық кәсіпорындар қазіргі кезде қаржылық тұрақсыз жағдайда болғандықтан, олардың да өз қызығушылықтарын (жұмысшыларды орнықты ету, ресурстарды ұрлау мен мүлікті бұзуды жою, сондай-ақ өзінің дамуы үшін табыс табуы) ескеруі қажет.

Біздің ойымызша, ауыл шаруашылық кәсіпорындардың жұртшылық шаруашылықтарымен бірлесе отырып, өндіріспен айналысуына тек ауыл шаруашылық кәсіпорынның қызығушылығы ғана емес, сондай-ақ халықтың да өз шаруашылығын тиімді жүргізуге ынтасы мен дайындығы болуы тиіс. Сол себепті осы қатынастарды дамыту үшін бірлесе отырып жұмыс істеудің маңызды шарты жұртшылық шаруашылықтардың иелерінің жер үлестері болып табылады. Нарықтық жағдайда қоғамдық өндіріс жұртшылық шаруашылығының пайдасына, өзінің зиянына жұмыс жасай алмайды, өйткені малдың төлін және жем-шөпті жеке шаруашылықтарға таратып, өзіне пайда келтірмейді, ал есесіне жұртшылық шаруашылықтары дами түседі. Сондықтан да біз ірі қара малдың төлін жем-

шөппен қоса жұртшылық шаруашылықтарына бағып, бордақылауына беру жөнінде жоғарыдағыдай ұсыныстар келтірдік. Онда жұртшылық шаруашылықтарының жер үлестері ауыл шаруашылық кәсіпорындарының пайдалануында болса, жұртшылық шаруашылықтар ауыл шаруашылық кәсіпорының мал төлін жем-шөбін ала отырып, бордақылап, бағады. Осылайша ғана өзара пайдалы қызығушылықтар мен тиімді ынтымақтасу жөнінде сөз қозғауға болады [5].

Жұртшылық шаруашылықтарының басты мақсаттары өздерін қамтамасыз ететін өнімді өндіріп, оның белгілі бөлігін өткізіп, өзінің басқа қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмсау, ал ауыл шаруашылық кәсіпорының мақсаты кәсіпорындағы жұмысшылардың тұрақты жұмыс жасауын орнықты ету, жер үлестерінен пайда табу болып табылады. Олар өздерінің дамуына жағымды сипат алып, жалпы алғанда ауыл шаруашылық өндірістің дамуына оңды септігін тигізеді.

Жұртшылық шаруашылығы мен ауыл шаруашылық кәсіпорының ынтымақтастығының ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі келесілерден тұрады:

– жұртшылық шаруашылығын өнім өндіру мен өткізу жағдайы бойынша жұртшылық шаруашылығының ауыл шаруашылық кәсіпорының өзара байланысының ұйымдастырылуы (жем-шөп, малдың жас төлін жеткізудің нақты мерзімін құруға дейінгі шаралар);

– келісімшарт негізінде екі жақты қызығушылықтарды жүзеге асырудың экономикалық (бағалық) механизмі;

– жұртшылық шаруашылықтары мен ауыл шаруашылық кәсіпорындардың байланысының ұйымдық нысаны ретінде келісімшарт жасасу, сондай-ақ ауыл шаруашылық кәсіпоры мен ет комбинаты арасында келісімшарт жасасу;

– жұртшылық шаруашылықтары мен ауыл шаруашылық кәсіпорындардың ауыл шаруашылық емес (өңдеуші) және басқа да кәсіпорындармен қызығушылықтарының байланыстырушы механизм.

Жұртшылық шаруашылықтарының және ауыл шаруашылық кәсіпорындардың ұйымдастырушылық байланыстары мен экономикалық қарым-қатынастары белгілі бір шарттарға сай жүзеге асуы тиіс.

Жұртшылық шаруашылығы үшін ауыл шаруашылық кәсіпорындармен де, өңдеуші кәсіпорындармен де, сондай-ақ мектеп, балабақша, асханалармен де жеткізіп берудің ұйымдастырушылық жағдайлары мен кестесі мәселесін шешудің принципіалды маңызы бар. Егер жұртшылық шаруашылығының өнімін өңдеуші кәсіпорындарына емес, ауыл шаруашылық кәсіпорындарына өткізетін болса, онда осы өнімді өткізуден ауыл шаруашылық кәсіпорындарының табыстарына салық салу мәселесі туындайды.

Қызығушылықтарды жүзеге асырудың экономикалық (бағалық) механизмі жұртшылық шаруашылықтарының да, ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен өңдеуші кәсіпорындардың да өзара пайдасына шешіледі, яғни ауыл шаруашылық кәсіпорындар жұртшылық шаруашылықтарына малдың төлін, жем-шөптік ресурстар бөледі және халықпен олардың жер үлесін жалға алу жөнінде келісімшарт жасасады. Экономикалық одақтың қатысушылары арасындағы экономикалық байланыстарды реттеу, қарым-қатынастарды заңды келісім негізінде құру 2-суретке сәйкес аса маңызды.

Жұртшылық шаруашылықтарының ауыл шаруашылық кәсіпорындармен, шаруа (фермер) қожалықтарымен және өңдеуші кәсіпорындармен байланысының ұйымдастырушылық негізі үш жақты келісімшарт (жұртшылық шаруашылығы — ауыл шаруашылық кәсіпорын-өңдеуші кәсіпорын) болып табылады. Бұл келісімшарт екі бөліктен құралады: бір жағынан, жұртшылық шаруашылықтарының ауыл шаруашылық кәсіпорындармен өзара байланысын сипаттайтын болса, екінші жағынан, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының өңдеуші кәсіпорындарымен байланысын сипаттайды. Келісімшарттың былайша бөлінуі өңдеуші кәсіпорындардың жұртшылық шаруашылықтарымен арасындағы келісімшарттардың көптігін болдырмай, жұртшылық шаруашылықтарында өндірілген өнімнің өткізу мәселесін шешеді. Өңдеуші кәсіпорындар жұртшылық шаруашылықтарында өндірілген өнімді халықпен бекітілген және құрастырылған кесте негізінде жинайды. Өнімді жинау ет комбинаттарының өкілдерімен елді мекендерде бекітілген уақытта жинақталады.





Ескерту. Зерттеу барысында автормен дайындалған.

2-сурет. Жұртшылық шаруашылықтарының ұжымдық шаруашылықтармен ынтымақтастығының механизмі

Шаруашылықтардағы өнім өндірісі туралы келісімшарттарда экономикалық және ұйымдастырушылық шаралардың жүйесі көрсетілуі тиіс, онда ресурстарды жеткізу және өнімді өткізудің шарттары қарастырылуы, малдың төлі мен жем-шөпті жеткізудің және өнімді өткізудің мерзімдері мен есептесудің әдістері мен нысандары нақтыланғаны жөн. Келісімшартта келісімшартты бұзғаны үшін жауапкершіліктің болатындығы сипатталуы қажет.

Жұртшылық шаруашылықтардың көпшілігінде сүтті сақтау, өткізу және өңдеу — шаруалардың басты проблемаларының бірі. Біріншіден, сүт тез бұзылатын азық-түлік түрі болып табылады, екіншіден, жұртшылық шаруашылықтары көпшілік жағдайда нарықтардан алыста орналасқан болып келеді, үшіншіден, дербес өткізу кезінде көлік шығындары ақталмайды. Осы себептерден жеке шаруашылықтардағы сүтті өткізу пайдасыз және мүмкін емес болып табылады. Бұл жағдайдан шығудың жолы — өңдеуші кәсіпорындармен интегралды байланыстарды орнату. Жұртшылық шаруашылықтарымен келісімшарттық қатынастар қалыптастыру сүт зауыты үшін осы шаруашылық жүргізуші категориядан шикізат келіп түсетіндігін жоспарлай отырып, жұмыс жасауына мүмкіншілік береді, өнім сапасын арттыруды бағалау арқылы ынталандырылады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындар олардың жақын маңайдағы территориясында орналасқан жұртшылық шаруашылықтарының иелерімен олардың иелік ететін жерлеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жауап береді. Жұртшылық шаруашылықтар мен өңдеуші кәсіпорындар арасында өзара келісімшарттық қарым-қатынастармен байланыспаған, бірақ бұл байланыс бар және өткізу үрдісінде жүзеге асады. Өңдеуші кәсіпорындарға өнімді жинақтау және өткізілген өнімнің есептемесін жасау міндеттелген.

Кооператив келісімшарт негізінде басқа ұйымдармен қарым-қатынастар орнататын дербес ұйым болып табылады. Кооперативтердің мұндай түрі өзінің мүшелестеріне өндіріс құралдарымен камтамасыз етуге, өндірілген өнімді өткізуге, сондай-ақ жұртшылық шаруашылығы мен басқа

ұйымдарға кейбір технологиялық ауыл шаруашылық жұмыстарды жүзеге асыруға ұйымдастырылады. Сондықтан бірігудің бұл түрі тұтынушылық және өндірістік бола алады.

Шаруа (фермер) қожалықтарының елдегі және облыс көлеміндегі санының көп болуына байланысты жұртшылық шаруашылықтарының шаруа (фермер) қожалықтарымен кооперациялануының жекеленген аудандары болуы да мүмкін деп санаймыз. Экономикалық тұрғыдан, кооперативтің құрамына өндірістік мақсаты бар, материалды-техникалық құралдармен жабдықтауда ортақ қызығушылығы бар бір елді мекеннің жеке және шаруа қожалықтардың кіргені дұрыс. Бір ауыл шаруашылық өнімді өндіруші мен шаруашылық жүргізудің шағын нысандарының арасында еңбек бөлінісі болуы мүмкін. Мәселен, шаруа қожалықтары жеке секторға ірі қара малдың төлін бордақылауға жеткізіп бере алады.

### *Қорытынды*

Осылайша, өндірістің шағын тәсілінің артықшылығы мен ірі шаруашылықтың пайдалылығының бірігуіне ықпал ететін кооперация қазіргі жағдайдағы жұртшылық шаруашылығының тиімді әрекетін қамтамасыз ететін маңызды жағдай болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды ескере келгенде, жұртшылық шаруашылығының кооперациялануы — оның дамуының перспективалық жолы болып табылатындығы анық.

Қорытындылай келгенде, жұртшылық шаруашылығының тиімді дамуы горизонтальды кооперацияланусыз, яғни басқа ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші, өңдеуші, қызмет көрсету, сақтау және өткізу кәсіпорындарынсыз мүмкін емес деп айтуға болады. Жұртшылық шаруашылықтарының дамуы мен кеңеюі, басқа ұйымдық-құқықтық нысандардың кәсіпорындарымен кооперациялануын, сондай-ақ ауыл шаруашылығымен байланысты барлық өндірушілердің бірігуі мемлекет тарапынан келешегі бар жоба ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндағы мемлекеттің негізгі мақсаты — экономикалық мінез-құлық ережелерін құру және оларды барлық экономикалық субъектілермен сақтауын қамтамасыз ету.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Буздалова И.Н. Сельскохозяйственная кооперация: теория, мировой опыт, проблемы возрождения / И.Н. Буздалова. — М.: Наука, 1998. — 256 с.
- 2 Лысенко Е.Г. Подсобные хозяйства населения России за 100 лет (история, теория, практика) / Е.Г. Лысенко. — М.: Россельхозакадемия, 2002. — 338 с.
- 3 Богдановский В.А. Кооперация в ЛПХ: проблемы и опыт / В.А. Богдановский // Личное и коллективное в современной деревне // Никоновские чтения. — 1997. — № 3. — С. 129–131.
- 4 Копач К.В. Межхозяйственное интеграционное объединение выгодно для ЛПХ / К.В. Копач // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. — 2000. — № 6. — С. 38.
- 5 Ыдырыс С.С. Жұртшылық шаруашылықтарын дамыту проблемалары және оларды шешу жолдары / С.С. Ыдырыс, Г.Ф. Шинет // Аграрлық нарық проблемалары. — 2016. — № 2. — Б. 114–119.

Г.Г. Шинет, Р.К. Андарова, Г.А. Жадигерова, Ш.А. Наркулова

### **Пути развития взаимоотношений хозяйств населения с коллективными предприятиями**

В статье рассмотрена деятельность хозяйств населения в аграрном секторе Республики Казахстан и их доля в производстве современной сельскохозяйственной продукции. Кооператив описан как особая экономическая единица сельского хозяйства, объединяющая и человеческий, и материальный факторы. Определены уровень и особенности развития кооператива зарубежом, кроме того, кооперация изучена как сотрудничество личных подсобных хозяйств с крупным аграрным формированием для динамичного развития экономики населения. Авторы изучили юридические и экономические предпосылки для развития хозяйств населения как равноправной формы сельскохозяйственного производства, его трансформации в самостоятельное крестьянское хозяйство как равноправного участника сельскохозяйственного производства. Кроме того, обоснована важность и необходимость двусторонних взаимовыгодных функций сотрудничества личных подсобных хозяйств и сельскохозяйственных предприятий. Интересы сотрудничества сельскохозяйственных предприятий и личных хозяйств наглядно представлены в виде схемы. Изучены повседневные экономические и организационные проблемы домашних хозяйств населения, которые

непосредственно связаны с их эффективным развитием, наряду с социальными проблемами. Рассмотрен ряд проблем, таких как отсутствие интеграции между сельскохозяйственными предприятиями и домохозяйствами; низкий уровень правового и социального статуса домохозяйств; отсутствие материально-технического оснащения, удобрений, многоплодного поголовья скота и сельскохозяйственного завода; корма для скота в личных подсобных хозяйствах для увеличения поголовья скота и убоя крупного рогатого скота в мясной промышленности.

*Ключевые слова:* хозяйство населения, кооператив, интеграция, аграрная сфера, сельскохозяйственные предприятия, фермерское хозяйство, продукция, удобрение, техническое оборудование, коллективное хозяйство.

G.G. Shinet, R.K. Andarova, G.A. Zhadigerova, Sh. A. Narkulova

### **Ways of development of the relationship between farms from collective enterprises**

The article considers the activities of households in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan and its share in the production of modern agricultural products. The article describes the cooperative as a special economic unit of agriculture, combining and interacting human and material factors. The level and features of development of cooperative abroad are widely described. And also cooperation as cooperation of personal subsidiary farms with large agrarian formation for dynamic development of economies of the population is considered. The article focuses on the legal and economic prerequisites for the development of households as an equal form of agricultural production, its transformation into an independent peasant economy, as an equal participant in agricultural production. The importance and necessity of bilateral mutually beneficial functions of cooperation between private farms and agricultural enterprises is substantiated. The interests of cooperation between agricultural enterprises and private households are clearly presented in the form of a scheme. Everyday economic and organizational problems of households, which are directly related to their effective development, along with social problems, were also studied. A number of problems were considered, such as lack of integration between agricultural enterprises and households; low level of legal and social status of households; lack of material and technical equipment, fertilizers, multiple livestock and agricultural plant; feed for livestock in private farms to increase the number of livestock and slaughter cattle in the meat industry.

*Keywords:* personal husbandries, cooperative, integration, agricultural sphere, agricultural enterprises, farm, products, fertilizer, technical equipment, collective farm.

#### References

- 1 Buzdalova, I.N. (1998). *Selskokhoziaistvennaia kooperatsiia: teoriia, mirovoi opyt, problemy vozrozhdeniia* [Agricultural cooperation: theory, international experience, problems of the Renaissance]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Lysenko, E.G. (2002). *Podsobnye khoziaistva naseleniia Rossii za 100 let (istoriia, teoriia, praktika)* [Subsidiary farms of the population of Russia for 100 years (history, theory, practice)]. Moscow: Rosselkhozakademiia [in Russian].
- 3 Bogdanovskii, V.A. (1997). Kooperatsiia v LPH: problemy i opyt [Cooperation in PS: problems and experience]. *Lichnoe i kollektivnoe v sovremennoi derevne. Nikonovskie chteniia*, No. 3, 129–131 [in Russian].
- 4 Kopach, K.V. (2000). Mezhhkoziaistvennoe intehratsionnoe obedinenie vyhodno dlia LPH [Inter-Farm integration Association is beneficial for PS]. *Ekonomika selskokhoziaistvennykh i pererabatyvaiushchikh predpriiatii*, 6, 38 [in Russian].
- 5 Ydyrys, S.S., & Shinet, G.G. (2016). Zhurtshylyk sharuashylyktaryn damytu problemalary zhane olardy sheshu zholdary [Problems of development of farms of the population and ways of their decision]. *Ahrarlyk naryk problemalary*, 2, 114–119 [in Russian].